

## ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

**Шынжырбекова Г.Е.**

*В статье рассматривается социально-экономическая выгода физической культуры в развитии общества. На основе исследованных материалов автор раскрывает экономическое направление физической культуры, социальное влияние физвоспитания в обществе.*

*This article discusses socio economic interests physical culture in development of society. On the basis of investigation materials the originator reveals. And socio economic influence on phizicul culture in society.*

Қоғам үшін бірінші кезектегі қажеттісі тұрмыс пен еңбек қызметіне керек дене қасиеттері мен қозғалыс дағдыларын дамытып, жетілдіруге және бір қалыпта ұстауға көмектесетін тұрғындардың әртүрлі әлеуметтік демографиялық тобының мұқтаждығын қанағаттандыратын адамзатты өмірге келген күннен бастап денсаулығы зор, шымыр денелі, ақыл-ойлы жас ұрпақты тәрбиелеп өсіру болып отыр.

Дене тәрбиесі-жеке тұлғаны жан-жақты және үйлесімді дамытуға, оның денсаулығын нығайтуға бағытталған қоғам мен адамның жалпы мәдениетінің бір бөлігі. Дене тәрбиесі жүйесі қоғамдағы экономика, саясат, ғылым және мәдениет саласындағы жүйелермен тығыз байланыста дамиды. Қоғамдық қатынастардың көрінісінің бір сферасы есебінде, ол сол жүйедегі жүріп жатқан өзгерістер әсерімен эволюциялық тұрғыдан дамып, өседі [1. 12-13 бб].

Дене тәрбиесі жүйесінің қоғамдық өндіріске кіретіні осы байланыстардың нақты негізінің бірі болғандығында. Бірақ, дене тәрбиесі қоғамдық өндіріске тікелей емес, жанама жолдар арқылы өз ықпалын тигізеді. Себебі, бұл жүйе тікелей қоғамдық өнім жасауға араласпайды. Дей тұрғанменде қазіргі замандағы дене тәрбиесі осы қоғамдық сферадағы өндірістік қатынастар субъектісі – адам арқылы өз ықпалын қоршаған ортаға тигізіп отыр. Өзінің әртүрлі формалары негізінде дене тәрбиесінің жүйесі адамның әлеуметтік қызметінің барлық негізгі түрлеріне қатысады. Бұл адамның қозғалыстағы биологиялық қажеттілігін өтеп қана қоймайды, сонымен бірге әлеуметтік жеке тұлғаның қалыптасуын, қоғамдық қатынастардың жетілуін де реттейді. Адамның денесінің дамуы биологиялық заңдарға бағына отырып табиғи жолмен де жүзеге асатындығы белгілі. Бірақ, қазіргі адамның қозғалыс белсенділігі оның дене мүмкіншілігін қажетті деңгейде ұстауға жағдай жасамайды [2. 16 б].

Өзінің арнайы функциясын жүзеге асыра отырып, дене тәрбиесінің жүйесі адамдардың қозғалыс белсенділігінің қажеттілігін қамтамасыз етуге, сол арқылы денесінің жетілуін және денсаулықтың жоғары деңгейге жетуін қамтамасыз етуге толық қабілетті. Тәрбиелік-педагогикалық қызметін жүзеге асыра отырып, дене тәрбиесі адамгершілік, эстетикалық, еңбек, мәдени даму міндеттерін шешуге мүмкіндігі бар. Дене тәрбиесі жүйесі кейбір тәрбие жүйесінің тиімсіз болатын жерлерінде табысқа жетіп те жүр. Сонымен бірге дене тәрбиесі жүйесінің өзінде әлеуметтік, экономикалық және қоғамның рухани өмірімен байланысты нәрселердің бәрі де көрініс табады. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі жоғары болған сайын, оның азаматтарына дене шынықтырудың байлықтары толықтай беріледі, дене тәрбиесі мақсаттарына жұмсалатын ұлттық табыстың бөлігі де жоғары болмақ, денсаулық деңгейі және адамдардың өмір жасы да ұзарады. Жан-жақты жетілген адамдардың қалыптасуындағы дене тәрбиесінің орасан зор маңызын ескере отырып, үкімет тарапынан қоғамымыздың дамуының әртүрлі кезеңдерінде бұл мәселеге бірнеше рет назар аударды (бұл орайда 1925, 1929, 1948, 1959, 1966, 1981 жылдарында қабылданған қаулыларды атап кеткеніміз жөн). Қаулылардың мазмұны сол кезеңдегі саяси жағдайды бейнелеп, орталықтан қатал басқару мен бақылауға назар аударылды, сонымен бірге сол кездегі дене шынықтыру қозғалысының дамуына үнемі қолайлы бола бермеді [3. 23-25 бб].

Дене тәрбиесі жүйесі экономикалық қатынастардың дамыған аумағына жатады. Өзінің ұйымдық құрылымы жөнінен күрделі болуына байланысты (мемлекеттік және қоғамдық басқарудың қағидаларын байланыстыра жүргізу) қаржыландырудың материалдық-техникалық жағынан қамтылуында да әртүрлі қаржылай көздерді өзіне жинақтады: мемлекеттік бюджет, қоғамдық қорларды, кәсіпорындар, кәсіподақ, кооперативтік қоғамдар. Экономикалық жағынан дене тәрбиесі жүйесі дамыған материалдық және материалдық емес өндірісі бар халық шаруашылығының бір бөлігі есебінде көрінеді. Материалдық өндірісінің сала қызметкерлерінің еңбегі заттай материалдан формаға ие болады: спорт құрылыстары, құрал-жабдық, аяқ-киім, киімдер. Бірақ, бұл сфера адамдардың денесін жетілдіруге бағытталған, өндірістік емес дене тәрбиесінің басты сферасына қарағанда қызмет көрсету сыйпатына ғана ие.

Қоғам мен адамның элементі есебінде қазіргі кездегі дене шынықтыру көптеген және түрліше әлеуметтік функцияларға ие. Бұл бәрінен бұрын тұрғындардың әртүрлі топтарын, бірінші кезекте өсіп келе жатқан жас ұрпақты сауықтыру қызметін атқару болып табылады. Қазіргі кезде бұл қызмет ерекше маңыздылыққа ие болып отыр, өйткені адамдар қозғалысының азаюы мен оңтайлы тамақтанбаудың нәтижесінде Республикада атеросклероз, артериальды гипертония, диабет сияқты және басқа да аурулардың проценті өсуде. Денсаулық министрлігінің анықтауы бойынша 14 жасқа дейінгі жеткіншектердің 15% әр түрлі науқастарға шалдыққандығы, балалардың 35% -де денсаулық жағдайында ауытқушылық бар екендігі нақтыланды. Қазақстанда адам өлімінің көрсеткіші артуда,

өлімнің 50% жүрек-қан тамырлары сырқатынан болып отыр, оның басты себебі қозғалыстың аздығынан екендігі белгілі [4. 52-53 бб].

Қозғалыстың жетіспеуі ақыл-ой жұмыс қабілеттілігі мен есте сақтаудың төмендеуіне себепші болады, эмоциональдық тұрақсыздыққа, стреске, жүректің, ет дистрофиясының функциональды жағдайының нашарлауына әкеп соғады, иммунологиялық және аллергияға қарсы ағзаның тұрақтылығын төмендетеді. Қозғалыстың азаюынан көңіл-күй, белсенділік нашарлайды, мазасыздық, сенімсіздік, жасырын өшпенділік пайда болады. Денсаулық факторларының 90% - тен астамы медицинаға, әсіресе денсаулық сақтау органдарының бүгінгі жағдайында, оған тәуелді еместігіне (генетика, салауатты өмір салты, экология т.б) ғалымдар қорытынды жасап отыр. Осыған байланысты дене шынықтырудың сауықтыру функциясы және оның маңызы әлі де арта түспек, өйткені дене шынықтыру құралдары адамдар үшін ең оңтайлы, қажетті іс болып табылады және тиімді ұйымдастыру жұмыстары жүргізілсе, халық дене шынықтыру тиімділігін саналы түрде түсінгенде ол көпшілікті қамтитын болады [5. 48 б].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2030» атты стратегиялық жолдауындағы «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білім алуы, аман-саулығы» атты тарауда былай деп жазуы кесдейсоқ емес: «Экономиканың өсуі өзінен-өзі біздің азаматтарымыздың амандық-саулығын қамтамасыз ете алмайды. Ластанған қоршаған орта мен өз денсаулығына дұрыс қарамау нәтижесінде адамдар жылдан жылға аурушаң болып бара жатқандағы гүлденген экономиканы көз алдыға елестету қиын емес». Әрі қарай ол қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыру қажеттілігін атап өтті: «Салауатты өмір салтына ынталандыру біздің әрқайсымыздың дене жаттығуларымен айналысуымызға бағытталған...» [6. 5-6.бб].

Әлеуметтендіру функциясы дене шынықтырудың маңызды аспектісі болып табылады және дене шынықтыру- спортпен айналысуға бәрінен бұрын жастарды тартуға және халықтық ойындар мен спорт түрлерін (бәйге, қазақша күрес, тоғызқұмалақ және басқалар) қоса ұлттық мәдени дәстүрлерді меңгертуге бағытталған. Тарихи тұрғыдан алғанда дене шынықтырудың бірінші кезектегі әлеуметтік бағалылығы мен мәні қоғамда, өндірістік және әскери қызмет сияқтыларды қоса есептегенде, әр түрлі функцияларды орындауға адамның психофизиологиялық және дене дайындығын қамтамасыз етуден тұрады. Осыған байланысты Қазақстанда қалыптасқан шешілуі қиын әлеуметтік-экономикалық жағдайларда дене шынықтырудың тәрбие және білім жүйесімен байланысын, адамның денсаулығы мен түрліше еңбек қызметіндегі оның жұмыс қабілеттілігіне тиімділігі тәуелді, қоғамдық өндіріспен тығыз байланысын негіздеу қажет.

Дене шынықтырудың негізгі әлеуметтік-экономикалық функцияларын бағалағанда В.И. Жолдақ екі аспектіні айырып қарастыру қажет деп есептейді: 1) Адамға дене шынықтырудың әсер ету тиімділігін анықтайтын, дене шынықтырумен айналысу адамға не беретіндігін, ол қалай өзгереді, осы жаттығулар нәтижесінде ол қалай жетілетіндігін көрсететін жеке тұлғалық

аспекті., 2) Қоғамдағы барлық қажеттілікті қанағаттандыру үшін рухани және материалдық өндіріске, әлеуметтік алға басушылыққа адамның қосқан үлесі, оның қызметі дене шынықтыру мен спорттың адамға жағымды әсерімен қалай өзгергендігін, жетілгендігін бейнелейтін әлеуметтік аспекті. Қазіргі таңда Қазақстандағы негізгі мемлекеттік құрылымдар мен дене тәрбиесі қозғалысын реформалауға байланысты еліміздегі дене шынықтырудың экономикалық және әлеуметтік мәнін дәлелдеудегі негізгі желіні анықтауда зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Дене тәрбиесі мен еңбектің өзара байланыстылығы мәселесін қарастырған авторлардың бірі В.И. Жолдақ. Ол өзінің «Еңбек және дене тәрбиесі» атты монографиясында ЕҒҰ (НОТ) жүйесіндегі оның орнын көрсетті. Ол дене тәрбиесімен айналыспайтындармен салыстырғанда, әртүрлі өндірістік-жұмыс жағдайларына байланысты дене тәрбиесімен айналысатын жұмысшылардың еңбек өнімділігі 1,5-12 % жоғары болатындығын көрсетті [7. 130-133 бб].

Дене тәрбиесінің экономикалық мәні жұмыс істейтін адам ағзасының функциональды мүмкіндіктерін арттырудан және оның денсаулығын нығайтудан тұрады. Мұның өзі тұтас жұмыс күші, қуатының артуына және өндірістік қызмет тиімділігінің көбеюіне әкеледі. Осыған байланысты өндірістік дене шынықтыруды өндірістің тиімділігімен және оның бәсекелестік қабілеттілігіне ерекше емес әсер ету жағдайы есебінде қарастыруға болады. Еңбектің нақты түріндегі жағымсыз әсер ететін факторларға (жұмыс реті, еңбектің бір қалыптылығы, гиподинамия, вибрация, шуыл, нерв-психикаға күш түсу) ағзаның тұрақтылығын арттыруға бағытталған өндірістік дене шынықтырудың сақтандыру (профилактикалық) сабақтары да маңызды әсер етеді.

Қоғамдық және дербес еңбек өнімділігінің өсуі, жұмысшы күшінің кәсіби даярлығының артуы үшін дене тәрбиесі үрдісінде қамтамасыз етілетін тұрғындардың денсаулығы мен дене даярлығы үлкен маңызға ие. Нәтижесінде, дене тәрбиесі тікелей экономикалық міндеттерді шешуге, материалдық игіліктерді өндіруді еселеуге, материалдық өндірістегі әртүрлі еңбек түрлерінің экономикалық тиімділігін арттыруға себепші болады. Кәсіби-қолданбалы дене даярлығы (КҚДД) секілді дене тәрбиесінің құрамдас бөлігі ерекше әсер ететін өндірістік функцияға ие. КҚДД-бұл нақты кәсіби еңбекке (космонавт, суға сүңгушілер, шыңға өрмелеушілер және т.б.) дене тәрбиесі құралдары арқылы адамды белгілі бір мақсатты бағытта даярлау. Оның негізгі мақсаты – табысты кәсіби қызметке адамды дене және психикалық тұрғыдан даярлауға қол жеткізу, кәсіби жұмыс сәтінде науқасқа ұшырау мен жарақат алуды болдырмау [8. 25 б].

Еңбек қызметін орындағанда әрбір мамандықта қолданбалы (арнайы) дене қасиеттері (жылдамдық, шыдамдылық, күш, икемділік, сонымен бірге шаңғымен жүру, жүзу, альпинизм, саяхаттың түрлері және т.б. іскерліктер мен дағдылар) деп аталатындар көрініс береді.

Кейбір кәсіптерде (әсіресе далада және тауда атқарылатын) барометрлік және температураның өзгерістеріне, және тағы да басқаға қарсы

тұруға деген адам ағзасының қабілеттері маңызды. Адамның жоғарыда айтылған дене қасиеттері мен қабілетін қалыптастыру тек қана КҚДД процесі және спорттың қолданбалы түрлерімен айналысу барысында табысты түрде жүзеге асырылмақ. Ал олардың экономикалық тиімділігі жасалынған, жинақталған зерттеулермен дәлелденіп отыр. Өндіріс тиімділігінің маңызды көрсеткіші болып өндірістің озық технологиясына, еңбектің үдемелі қарқындылығына байланысты еңбек өнімділігін арттыру болып табылады. Мұнда дене тәрбиесі құралдарымен қалыптасатын және көтермеленетін адамның дене және психикалық мүмкіндіктері көрініс береді. Дене тәрбиесі және спортпен жүйелі айналысушылардың күндік еңбек өнімділігі, дене шынықтырумен айналыспайтындармен салыстырғанда 3-8 % жоғары екендігін байқауға болады. Мұның өзі ұлттық табыстың жыл сайынғы өсімінің артуына себепші болады [9. 111-112 бб].

Дене тәрбиесінің әлеуметтік-экономикалық тиімділігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі денсаулықты сақтау мен нығайту, кәсіби сырқаттар мен зейнеткерлік жасқа дейін еңбекке жарамсыздықты болдырмау болып табылады. Адамның, әсіресе орта жастағылардың қозғалыс белсенділігінің жүйелі процесі жұмыс қабілеттілігі мезгілінен бұрын жоғалту мүмкіндігін азайтады және қоғамға елеулі материалдық табыс әкеледі. Дене тәрбиесін ұйымдастыруға кететін шығыннан артық болатын оның тиімділігі осыдан көрінеді. Еңбекшілердің дене тәрбиесімен айналысуы нәтижесінде болатын (мысалы, 100 адамға) күндік еңбек өнімділігін, сонымен бірге осы топтардағы сырқаттанушылардың айырмашылығын біле отырып анықтауға болады [10. 95-98 бб].

Өндіріс кәсіпорындарындағы дене тәрбиесінің экономикалық тиімділігін зерттей келе, ол негізінен еңбек өнімділігінің артуы және сырқаттанудың азаюы секілді екі негізгі факторлардың есебінен құралатындығын анықтадық.

Елдің экономикалық дамуына және ұлттық табыстың көлеміне байланысты дене тәрбиесі жүйелі жұмыс атқарады. Осыған байланысты халық шаруашылығының құрамдас бөлігі есебінде дене тәрбиесінің өзінің экономикалық көрсеткіштерін ажырата білу қажет. Бұл-мемлекеттік бюджеттен, кәсіподақтан, жеке тұлға демеушіден дене тәрбиесінің әртүрлі құрылымдарын материалдық қамту және қаржыландыру. Екіншіден, бұл дене тәрбиесі қозғалысының өз ішіндегі экономикалық қызмет – арнайы бөлінген қаржыны, спорт ғимараттарын жалға беруден түскен табысты, дене тәрбиесінің ақылы түрлерін (денсаулық топтары, емдеу дене шынықтыруы, сылап-сипау, сауықтыру топтары, сауықтыру топтары, сауықтыру жүгірістерінің клубтары, жүзу т.б.) тиімді пайдалану. Үшіншіден, дене тәрбиесінің экономикалық қарымта қайтаруы. Бұл ретте, сырқаттанудың азаюы (науқастануы туралы қағаз бойынша төленуден үнемдеу), жұмыс қабілеттілігінің артуы және еңбек өнімділігінің өсуі, өндірістік жаракат алуды болдырмау, кәсіби сырқаттың азаюы және оны болдырмау. Адам дамуының, оның тұрмыс жағдайының арту факторларының бірі денсаулық

жағдайын сақтау, сырқаттанудың алдын алу және жұмыс қабілеттілігін ұзарту болып табылады [11. 50-51 бб].

Адам денсаулығының жағдайы-бұл тек әлеуметтік-гуманитарлық фактор ғана емес, сонымен бірге экономикалық фактор да, ал жұмыс қабілеттілігі қорын меңгеру көп жағдайда тұрғындардың сауықтыру дене тәрбиесі арқылы мүмкін болмақ, Мұның өзі оны кез-келген өндірістің экономикасымен байланыста қарастыруға мүмкіндік береді. Сөйтіп, дене тәрбиесінің экономикалық ролі оның адам еңбегіндегі алатын орнымен анықталады. Сонымен дене тәрбиесінің жұмыс жасауы әлеуметтік және экономикалық секілді екі нәтижелі факторлармен қосарлана жүреді деп қорытындылауға болады. Әлеуметтік факторларға жататындар: адамдардың денсаулығын, олардың дене дамуын және дене даярлығын, спорттық нәтижелері мен табыстарын жақсарту. Дене тәрбиесінің экономикалық факторларына жататындар: еңбек өнімділігін арттыру, сырқаттануды азайту есебінен мемлекеттік қаржыны үнемдеу (аурулығы туралы қағаз төлеу), шаруашылық есептегі ұйымдардың дене шынықтыру-сауықтыру қызметін жүзеге асырудан түсетін табыс, спорт ғимараттарын жалға беруден түсетін табыс, көпшілік дене шынықтыру-спорттық шараларды өткізуден қаржы табу, коммерциялық спорттық шаралардан түсетін табыс, спорттық шоулар мен жарыстарға халықтың ақша төлеп кіруінен түсетін табыс (мысалы, Орталық Азия ойындары және т.б).

Экономикалық өсудің жеделдеуінің басты факторы-еңбек өнімділігінің артуы, онда экономикалық теорияда да және қазіргі өндірістік қатынастардың практикасында да әзірге есепке алынбаған дене тәрбиесі құралдарының белгілі бір ролі жоғары орын алады. Осылайша, дене тәрбиесін көпшілікке насихаттау, адам денсаулығын нығайту қоғамдық дамуда өзіндік орны бар маңызды мәселелер қатарында.

#### **Әдебиеттер:**

1. Т.Ә. Ботағариев., С.С. Кубиева. Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері., -Орал.,2010.-Б.232.
2. Е.К. Уанбаев., Ф.Ж. Уанбаева. Дене мәдениеті және спорттың ілімі мен әдістемесі., -Оқу құралы. 2-ші басылым., - Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы., 2009.,-Б. 260.
3. В.М. Зациорский. Физические качества спортсменов (основы теории и методики воспитания).,-М: Физкультура и спорт., 1970.,-Б. 196.
4. М.Н. Қошаев. Дене тәрбиесінің әлеуметтік-экономикалық тиімділігі.,- Алматы.,2002.,-Б.96.
5. А.П. Лаптев. Қазіргі өндіріс жағдайындағы кәсіби-қолданбалы дене даярлығы.,-Алматы., 1972.,-б.100.
6. Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 19 желтоқсандағы № 3276 жарлығымен бекітілген «1996-2000 жылдар аралығында Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы». -Б.25., Қазақстан 2030 бағдарламасы.,-Б.10.

7. В.М. Выдрин. Дене тәрбиесінің теориясы ғылым және оқу пәні есебінде (Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесінің негіздері). -А.А. Гужаловский редакциясымен., -М: ФиС., 1986.,-Б. 152.
8. В.П. Калинин. Радикалды экономикалық нарық жағдайындағы дене тәрбиесі мен спорт., -Алматы 1991., -Б.58.
9. Н.А. Щитова. Дене шынықтыру мен спорттағы нарық пен маркетинг // Дене тәрбиесінің теориясы мен практикасы.-Алматы., 1991.,-Б.123.
10. Л.П. Матвеев, В.П. Полянский. Дене тәрбиесінің қолданбалылығы: түсінік негіздері және қазіргі жағдайда оларды нақтылау //Дене тәрбиесінің теориясы мен практикасы. -Алматы., 1991.,-Б.123.
11. Г.Г. Саноян. Еңбекшілердің күн режиміндегі дене шынықтыру.-А.,1979.- Б.152.